

Мемлекеттік бюджет пен міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына қаражат түсімдерін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 11 сәуірдегі N 3450. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Мемлекеттік бюджет пен міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына қаражат түсімдерін қамтамасыз етуді ынталандыру, сондай-ақ салық қызметі органдарының салықтар мен жарналарды есептеудің дұрыстығын, толықтығын және олардың уақытылы төленуін бақылау жөнінде тиімді қызмет етуі үшін
қ а у л ы е т е м і н :

1. Салық қызметі органдарының әлеуметтік даму мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорының қосымша көзі үстей есептелген және келіп түскен салық сомаларынан, алымдар мен мемлекеттік бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден және міндетті әлеуметтік сақтандыру қорларына жарналардан, бақылау жұмысының нәтижелері бойынша алынған айыппұлдар мен өсімдерден 10 процент аударым жасау түрінде б е л г і л е н с і н .

2. Салық қызметі органдарының әлеуметтік даму мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету қорын құру көздерін пайдалану тәртібін Үкімет анықтайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі заң актілеріне осы Жарлықтың 1 және 2-тармақтарынан туындайтын өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы Қазақстан Республикасы заңының жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Парламентіне енгізетін болсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

***Қазақстан Республикасының
Президенті***